**plans.label.author**: КАЛИЕВА ГУЛЬСТАН ТЕНИЛЬБАЕВНА
**plans.label.category**: Биология
**plans.label.class**: 8-сынып
**plans.label.section**: Жасушалық биология
**plans.label.theme**: Зертханалық жұмыс. Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау. Жасушалардың формасына, мөлшері мен қызметіне қарай әртүрлілігі. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.4.2.1 Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау<br>8.1.2.1-«жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» ұғымдарды түсіндіру; |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар білуі керек: жасушаны, ұлпаны, мүшені, мүшелер жүйесін тани біледі. Көптеген оқушылар білу керек: Өсімдік пен жануар ұлпаларының түрлерін ажырата алады. Жасуша органоидтарының құрылысы мен қызметтерін біледі<br>Кейбір оқушылар білу керек: Әр ұлпалардың атқаратын қызметтерін біледі. Өсімдік пен жануар жасушалардың құрылысы мен атқаратын қызметтерін салыстыра алады. |
| Тілдік мақсаттар: | |
| Күтілетін нәтиже: | Пәндік лексика және терминалогия: вакуоль, цитоплазма, пластидтер, мембрана, прокариоттар, эукариоттар Оқытудың тілдік мақсаты: жасуша, ұлпа, мүше,ағза Диалог құруға: — жасуша бөліктерін анықтаңдар. -жасуша бөліктерін сипаттаңдар -«органоид»деген терминге анықтама беріңдер -пластидтің құрылысы мен қызметі туралы айтыңдар Жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Жасуша-cell-клетка Ұлпа-tissue-ткан Цитоплазма-Cytoplasm Ядро-The nucleus |
| Бағалау критерийлері: | Оқушы оқу мақсатына жетеді, егер:<br>* Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйелерін біледі.<br>* Өсімдік пен жануар ұлпаларын ажырата алады.<br>* Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларын салыстырады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Жауапкершілік, коммуникативтік қарым-қатынас жасау қабілеті |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | |
| Пәнаралық байланыс: | Химия-жасушаның құрамы жағдайында байланысады Физика-жасушада процестердің жүру кезінде байланысады Ағылшын тілі-термин сөздермен жұмыс |
| Бастапқы білім: | Дихотомиялық кілттер және олардың қолданылуы |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Сынып пазл арқылы төрт топқа бөлінеді I топ-Жасуша II топ- Ұлпа III топ - Мүше IY топ- Мүшелер жүйесі Үй тапсырмасы: Тапсырма №1 (ұжымдық жұмыс) «Логикалық сәт» Айтылым әрекеті (сұрақ-жауап) үй тапсырмасына кері байланыс 1. Тірі ағзаларды сипаттайтын және топ бойынша бөлетін биология бөлімі 2. Систематиканың негізін салған ғалым 3. Ең ірі систематикалық категория 4. Прокариот ағза 5. Қор заты – гликоген болатын ағзалар 6. Дихотомиялық тірек сөздерді ұсынған ғалым Жетон арқылы бағалау | |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырып Оқушылардың зейінін шоғырландыру «Миға шабуыл» әдісі (Тыңдалым әрекеті). Экранда жасушаға байланысты бейне роликкөрсетілім — оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын/ОМ анықтау — сабақсоңында күтілетін нәтижелерді анықтау Термин сөздерді үш тілде жазыпалу. (Жазылым әрекеті ) №2.Тапсырма. Зертханалық жұмыс «Зерттеуәдісі». (топтық жұмыс) Мақсаты:Жасушаның органоидтарын, өсімдік пен жануар ұлпаларын анықтай білу дағдыларын қалыптастыру. Дескриптор Балл Екі жасушаны салыстыра отырып, айырмашылықтарын біледі 1 Микроскоппен қарау арқылы өсімдік ұлпаларына тән ерекшеліктерді біледі 1 Жануар ұлпаларының ерекшеліктерін, атқаратын қызметтерін атай алады. 1 №3. Тапсырма «Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі (жұптық жұмыс) Оқушылардың жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйелері түсініктерін анықтау (Айтылым әрекеті) 1. Суреттерді қарастырыңыз. (а) Тіршілік деңгейін қарапайымнан бастап, күрделену ретін жазыңыз. A B C D E 5 ……………………………………. 4 ……………………………………. 3 ……………………………………. 2 ……………………………………. 1 ……………………………………. (b) Тіршіліктің A және B деңгейіне анықтама беріңіз. ………………………………………………………………………… ………………………………………………………………………… (c) Қалай ойлайсыз ағзада жасуша көп пе әлде ұлпа ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз. | |
| Сабақтың соңы | «Социометрия» әдісі бойынша кері байланыс жасау. Бағалау парақшасы Оқушы Аты жөні «Логикалық сәт» әдісі «Зерттеу» әдісі «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі «Кір жаятын жіп»әдісі Қалыптастырушы бағалау | |